

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2016 жылғы 31 тамыз

Алматы қаласы

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 206

город Алматы

**Банктердің және банк
операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың корреспонденттік
шоттары бойынша төлемдер мен
ақша аударымдары лимитінің
мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігінде 2016 жылғы 6 қазанда № 14304
тіркелген

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдары лимитінің мөлшерін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Банктердің және банктік емес ұйымдардың осы банк немесе банктік емес ұйым және оның қарсы агенттері арасында ашылған корреспонденттік шоттары арқылы ағымдағы айда жүзеге асырылатын корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдары лимитінің мөлшері банкаралық клиринг жүйесіндегі клирингтің нәтижелері бойынша дебеттік таза позицияның сомасы шегеріле отырып, банкаралық ақша аударымдары жүйесі және банкаралық клиринг жүйесі арқылы өткен айда жүзеге асырылған банктің және банктік емес ұйымның жіберілетін қолма-қол ақшасыз төлемдерінің жалпы көлемінің бес пайызынан аспайтын көлемде бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлем лимитінің және ақша аударымдарының мөлшері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі № 236 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2461 тіркелген);

2) «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 2461 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің және банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлем лимитінің мөлшері туралы» 2003 жылғы 25 шілдедегі № 236 қаулысына өзгеріс пен толықтыруларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 шілдедегі № 98 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3033 тіркелген, 2004 жылғы 3 қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетінде № 224-225 (23860) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы¹ алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ұлттық Банк
Төрағасы**

Д. Ақышев

Дұрыс:

Бас маман-ҚРҰБ Басқармасының хатшысы

А. Душенко

¹ Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдары лимитінің мөлшерін бекіту туралы